

# «Кітапхана түні - 2017»

**Дәл осындай атаумен С.Торайғыров атындағы облыстық кітапханада ақын Аманжол Шамкеновтың 90 жылдығына орай мерекелік кеш өтті. Онда әртүрлі тақырыпты қамтитын 15 алаң жұмыс істеді.**

Кітапхананың кіре берісінен бастап толықтай 1-2 қабаттарында кітап көрмелері ұйымдастырылды. Кітапхана

қызметкерлерінің айтуынша, бұл шара оқырмандармен қарым-қатынас жасаудың жаңа үлгісін орнатып, кешке дейін жұмыста



болатын адамдарға кітапханаға келу мүмкіндігін сыйлайды.

- Бұл шара 2014 жылы өткен болатын. Десе де, облыс көлемінде алғаш рет ұйымдастырылып отыр. Аймақтағы 13 ауданның орталық кітапханалары өздерінің экспонаттарын да ала келді. Ең әуелі келушілерге Халықаралық Дж.Неру атындағы сыйлықтың лауреаты, ақын, драматург жерлесіміз Аманжол Шамкеновтың шығармаларын кеңінен насихаттап, таныстырамыз. Сонымен қатар, бізде ақын-жазушылармен кездесу бұрышы бар. Мұнда Шолпан Байғалы, Ақын Алақанұлы, Юрий Поминов және Ольга Григорьева оқырмандарымен кездесіп, өлеңдерін оқып береді. Тағы да бір қызықты сәт - «Стоп кадр» айдарында тарихи кинофильмдерден үзінділер көрсетіліп, келушілер өзара сайысқа түседі, - дейді С.Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың жұртшылықпен байланыс бөлімінің басшысы Бақытжан Мұқашева.

Кеш барысында әлем әдебиетінде өзіндік қолтаңбасын қалдырған жазушылар шығармаларының желісімен өзірленген театрландырылған қойылымдар ұсынылды. Мәселен, Ж.Аймауытов атындағы облыстық қазақ музыка-драма театрының әртісі Гүлжанат Омарованың сахналауындағы Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» моноспектаклі мерекелік шараның көркін ашты.

Бұған қоса танымал суретшілердің және қолөнер шеберлерінің сан түрлі туындылары да қонақтарды ерекше қызықтырды.